



БҰЙРЫҚ

29 сәуір 2026 жыл
Теміртау қаласы

ПРИКАЗ

№ 54
город Теміртау

Педагог қызметкерлердің бос және (немесе) уақытша бос лауазымына орналасуға конкурс өткізу туралы

Қазақстан Республикасының Ағарту министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы № 57 бірлескен бұйрығын және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы № 96 «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін қызметке тағайындау, қызметтен босату қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қарағанды облысы білім басқармасының Теміртау қаласы білім бөлімінің «Кораблик» бөбекжайы КМҚК-да педагог қызметкердің бос және (немесе) уақытша бос лауазымына келесі мамандықтар бойынша орналасуға конкурс өткізілсін : музыка жетекшісі 1 бірлік, дефектолог-мұғалімі 1 бірлік, қазақ тілінде оқытатын топқа тәрбиеші 1 бірлік, орыс тілінде оқытатын топқа тәрбиеші 1 бірлік,

2. Қарағанды облысы білім басқармасының Теміртау қаласы білім бөлімінің «Кораблик» бөбекжайы КМҚК-да педагог қызметкердің бос және (немесе) уақытша бос лауазымына конкурс өткізу үшін конкурстық комиссия бекітілсін (1 қосымша).

3. Комиссияның жұмысы Қазақстан Республикасы Ағарту министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы № 57 және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы № 96 бірлескен бұйрығымен бекітілген қолданыстағы қағидаларға сәйкес жүзеге асырылсын.

4. музыка жетекшісі 1 бірлік, дефектолог-мұғалімі 1 бірлік, қазақ тілінде оқытатын топқа тәрбиеші 1 бірлік, орыс тілінде оқытатын топқа тәрбиеші 1 бірлік мамандықтары бойынша бос және (немесе) уақытша бос лауазымға орналасуға конкурс өткізу үшін хабарландыру мәтіні бекітілсін (2-қосымша).

5. Туғанбаева Ләззат Болатқызы конкурстық комиссияның хатшысы конкурсты ұйымдастыру тәртібін сақтай отырып:

- Қарағанды облысы білім басқармасының Теміртау қаласы білім бөлімінің «Кораблик» бөбекжайы» КМҚК интернет - ресурсында және әлеуметтік желілердің ресми аккаунттарында конкурс өткізу туралы хабарландыруларды

2026 жылғы 30 сәуірде жарияласын;

- 2026 жылғы 30 сәуір мен 13 мамыр аралығын қоса алғанда кандидаттардан құжаттарды қабылдауды жүзеге асырсын; (7 жұмыс күні);

- кандидаттың құжаттары қабылданғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитетінің Ақпараттық сервисі арқылы сыбайлас жемқорлық қылмыс және /немесе қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны туралы мәліметтердің болуы не болмауы туралы сұрау салу құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органға немесе оның аумақтық бөлімшелеріне жіберілсін;

- регламентке сәйкес конкурстық комиссияның отырыстарын ұйымдастырсын: (5 жұмыс күні)

- конкурс нәтижелерін Қарағанды облысы білім басқармасының Теміртау қаласы білім бөлімінің «Кораблик» бөбекжайы» КМҚК интернет - ресурсында және әлеуметтік желілердің ресми аккаунттарында конкурстық комиссияның қорытынды отырысы өткізілетін күні 2026 жылғы 20 мамырға дейін жарияласын.

6. Бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

«Кораблик» бөбекжайы»
КМҚК директоры



М.Ткачева

